



Автор: Мынбаева Арайлым Ермухановна

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 9-класс

Бөлім: Ақпаратпен жұмыс

Тақырып: Құжаттармен бірлесіп жұмыс жасау

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	9.1.3.1- интернет қызметтерін қолдана отырып, құжаттарды құру, өзгерту және қарастыруда бірлесе жұмыс істеу (мысалы, жұмыстарды веб-серверге – бұлттық есептеулерге, блогтарға, Уикипедияға жүктеу).
Сабақтың мақсаты:	Бұлттық технология ұғымы мен түрлерін анықтау.
Тілдік мақсаттар:	Пәндік лексика және терминология: Бұлттық технология-облачная технология-cloud technology, есептеу - вычисление-computing, жеке бұлттар-частные облака-private clouds, ортақ бұлттар-общие облака-public clouds, аралас бұлттар-смешанные облака-mixed clouds, қоғамдық бұлттар-общественные облака-public clouds, бұлттық қосымшалар-облачные приложения-cloud applications, бұлттық қойма-облачное хранилище-cloud storage.
Күтілетін нәтиже:	Құжаттарды толық құралады
Бағалау критерийлері:	
Құндылықтарды дарыту:	«Мәңгілік ел» идеясының құндылықтарын жүзеге асыру. Топта бірлесіп жұмыс жасау, бір-бірлерінің пікірлерін тыңдау, сыйлау.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	
Пәнаралық байланыс:	Ағылшын, орыс тіліндегі сөздер қолданылады.
Бастапқы білім:	Ой сергіту жаттығуы және топ құру: «Атомдар мен молекулалар» ойыны. Мұғалім «атомдар» деген кезде ойыншылар жеке- дара жүреді де, «молекулалар бесеуден» немесе «молекулалар үшеуден» деген кезде, бес немесе үш адамнан тез арада топтасады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ой қозғау сұрақтары: <input type="checkbox"/> Бүгінгі таңда деректерді жойылып кетуден сақтаудың қандай сенімді әдістерінбілесің? <input type="checkbox"/> Үнемі қолданбалы программалардың жаңа нұсқаларын және соңғы үлгідегі компьютерлер сатып алуға кететін шығынды азайтудың қандай әдістерінен хабардарсың? <input type="checkbox"/> Өзіңнің деректеріңді әлемнің кез келген түкпірінде өңдеудің қандай мүмкіндіктері бар? Оқулықпен жұмыс Тақырыптың тапсырмасын орындайды. Оқулықта берілген теориялық ақпаратпен танысады. Топтық жұмыс: Кестемен жұмыс. Кестеде берілген мәліметтерге сәйкес бос ұяшықтарды мәліметпен толықтыру Дескриптор Бұлттық технология ұғымымен танысады.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>Компьютермен жұмыс: 2-тапсырма. Google-құжат. Информатика сабағында газет шығару Берілген тақырып бойынша ұжымдық өңдеу жүргізіп, материал жинап, құжат дайында. Газеттің тақырып атауын таңдау, шығу күнін және нөмірін қою, авторлар атын және мекенжайын көрсету. Әр топ мақала атын қойып, сурет, цитата кірістіру, негізгі мақалаларын қалыптастыруы тиіс. Жұмысты орындау барысында топтың мүшелерінің идеяларын талдау, оларды бірігіп өңдеу, шығармашыл идеяларға қолдау көрсетіп отыру. Дескриптор 1. Бұлтты технологияның артықшылығы мен кемшілігін салыстырады. 3-тапсырма. Google презентация. Бұлттық технологиялар Google презентация қызметі көмегімен «Бұлттық технологиялар» тақырыбына (ортақ қолжетімділік режимінде) ұжымдық немесе кіші топта презентация құру. Слайд тақырыбын анықтап, мәтін түсін таңдап, әртүрлі слайд макеттерін қолданып жасаған презентациясын Показ слайдов режимінде көрсетуі тиіс. Жұптық жұмыс Компьютер программаларына тікелей қолжетімділік пен бұлтты қолжетімділікті салыстырып талда. Олардың өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктерін сарапта.</p>	
Сабақтың соңы	<p>Шағын эссе жазу Бұлттық технологияның дамуының бүгінгі мен болашағына баға беріңдер. 1. Бұлттық технология дегеніміз не және оны қандай мақсатта қолданады? 2. Бұлттық технологияның қандай артықшылықтары мен кемшіліктерін айтуға болады? 3. Қандай бұлтты қызмет түрлерін білесің? 4. «Есептегі бұлттар» дегенді қалай түсіндіресің? 5. «Есептегі бұлттардың» қандай түрлері бар? 6. Google бұлттық қызметінің қандай түрлерінайт аласың?</p>	
Рефлексия	<p>Бүгін не үйрендім? Көңіл күйім қандай болды? Неден қиналдым? Үйде нені қайталаймын?</p>	